



САРЫЛАРҚА

15 наурыз, бейсенбі
2007 жыл

САМАЛЫ



№ 31
(14074)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ - ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР



КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ АЙҚЫНДАЛҒАН КЕЛБЕТІ

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.НҰРПЕЙІСОВТІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВ
КЕҢЕСІНДЕГІ БАЯНДАМАСЫНАН

Кеше Павлодар қаласындағы «Шақырақ» халық шығармашылығы орталығында аймақ басшысы Қайрат Нұрпейісовтің төрағалығымен облыстың идеологиялық активінің кеңесі болып өтті. Кеңесте Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты бйлығы жылғы Жолдауын

адамдар екі мыңға жуық. Бұл ретте ай сайынғы қаржы қажеттілігі он сегіз жарым миллион теңгені құрайтын болады.

Жалпы еліміз бойынша жоғарыда аталған бағыттар мен қажеттіліктерге 108 миллиард теңге бөлінбекші.

Осылайша, жаңа Қазақстанды дамытудың басымдықтарын жүзеге асыру бойынша алда тұрған жұмыстар ең алдымен қазақстандықтардың әлауқатын одан әрі арттыруға бағытталады.

Ертіс өзені бойынша орын тепкен макроаймақта «Ертіс» атты әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы құрылады деп жоспарлануда. Оның орталығы Шығыс Қазақстан облысына қарасты Семей қаласында орын тебетін болады. Біздің облыста аталмыш құрылымның филиалы ашылады. Бұл факт біздің өңірдің алдына дамудың жаңа басымдықтарын ашып отыр.

Екінші міндет - аймақтық экономикада сапалы жаңа

пайдаланатын жаңа электр станцияларын салу энерго-өнімдердің қосымша құнын арттыруға жол ашады.

Төртінші міндет - әсіресе өндірістің шикізат емес секторын дамытуды, экономиканы диверсификациялауды қамтамасыз ету аса маңызды саналады.

Бүгінгі күні облыстың ең басты жобасы - электролиз зауыдының құрылысы. Биылғы жылдың өзінде оның алғашқы кезегін іске қосу

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты биылғы жылғы Жолдаудың жұртшылыққа түсіндіру және жүзеге асыру жөніндегі мәселе қаралды.

Алғашы жпынның жұмысына облыстық мәслихаттың хатшысы Р.Гафуров, облыстық мәслихаттың депутаттары, қалалық және аудандық мәслихаттардың хатшылары, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық атқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жастар, кәсіподақтар ұйымдарының, айна бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және ардагерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік инспекторы Нұрлан Сәрсенбай, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Тито Сыздықов және Владимир Бобров қатысты.

Кеңестің күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша облыс әкімі Қ.Нұрпейісов баяндама жасады.

Құрметті облыс активі, қадірлі жерлестер, зиялы қауым!

Наурыз айы қарсаңында бүкіл Қазақстан Елбасының халыққа арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауынан болашаққа аршынды қадам жасаудың жолдарын тыңдады. Жаңа Жолдауда біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды отыз бағыты айқындалды. Сонымен қатар Президент Үкіметке маңызды міндеттер белгілеп берді. Олар төмендегідей:

Бірінші. Халықаралық техникалық стандарттарды жедел және кеңінен өнгізу;

Екінші. Өңірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету;

Үшінші. Өндіруші сектордың тиімділігін арттыру;

Төртінші. Өндірістің шикізаттық емес секторын дамыту;

Бесінші. Өзіміздің жаңа рөлімізге сәйкес осы заманғы инфрақұрылымды дамыту;

Аптыншы. Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру;

Жетінші. Атаулы әлеуметтік қолдау және әлеуметтік саланы нарық қағидаттары негізінде дамыту;

Сегізінші. Саяси жүйемізді қайта жаңғырту;

Тоғызыншы. Әкімшілік реформаны жеделдете жүргізу;

Оныншы. Жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін алға бастыру.

Ең бастысы, әлеуметтік салада болайын деп жатқан жағымды өзгерістер халқымызды қуанып отыр. Әлеуметтік төлемдерге жүз сегіз миллиард теңге қаржы бөлінді. Көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасылар, мүгедектер мен зейнеткерлер тағы бір серпіліп қалды.

Қазақстан Республикасы Президентімен жария етілген елімізді дамыту мен жаңартудың тың да жаңа қадамдары әрбір қазақстандық отбасын, барша тұрғындарды қуанышқа бөледі. Тұтастай алғанда, Елбасы өзінің Жолдауында Қазақстанды дамытудың таяудағы он жылға арналған Стратегиясын ұсынды.

Мемлекет басшысы Үкіметке ана мен баланы әлеуметтік қолдауды жақсарту, зейнетақы көлемдерін арттыру, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын төлеудің жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Соның ішінде Елбасы Үкіметке 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрбір туған балаға арналған бір жолғы жәрдемақының көлемін 34 740 теңгеге дейін немесе екі есеге арттыруды, бір жасқа толғанша баланы бағып-қағу үшін ай сайынғы жәрдемақының көлемін өсіруді жүктеді. Жоғарыда аталған жәрдемақыларды Павлодар облысы бойынша шамамен он мың бір жүз адам алады. Балалары бар отбасыларға төленетін шығындардың есебі бізде 432,5 миллион теңгені құрайды.

Облыс бойынша жүз мыңға жуық адамның базалық зейнетақысы арттырылады. Сонымен бірге облыс бойынша отыз мыңға жуық зейнеткердің зейнетақысы 15-тен 25 айлық есептік көрсеткіш деңгейіне дейін өзгертіледі.

Қауіпті және ауыр жұмыс жағдайларында 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта еңбек еткен тұлғаларға №2 тізім бойынша сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде арнайы жәрдемақы енгізіледі. Біздің облыста мұндай

аукатын одан әрі арттыруға бағытталды. Бірінші кезекте әлеуметтік блок тұр. Елбасы атқарушы билік органдары алдына бірқатар стратегиялық міндеттерді қойды. Аса маңызды құжатта бедерленген басым бағыттар елімізді индустриялды-инновациялық дамыту, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларын көтеру, саяси жүйені реформалау болып табылады.

Мемлекет басшысының Жолдауында «Қазақстан-2030» Стратегиясының Жаңа кезеңінің негізгі он міндеті көрініс тапты. Бұл ар Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа тереңдей интеграциялануының, елді әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрғыда одан әрі жаңартудың нақты жоспарлары болып саналады.

Біз өз кезегімізде алға қойылған мақсаттарды нәтижелі жүзеге асырудың нақты жолдарын, облыс бойынша алдағы міндеттерді ойдағыдай орындауды қамтамасыз ететін тиімді қызметтің түрлерін әзірлеп, өміршең етуіміз керек.

Бірінші міндет - тек экономиканы тұрақты дамытуды қамтамасыз ету және қолдау ғана емес, сонымен қатар оның тұрақты өсуін де тиімді басқару. Бұл үшін бізге аймағымыздағы өсу нысандарына бағытталған негізгі күшті нығайтуымыз керек. Мұндай өсу нысандарының бірі «Қазақстан электрлозиды заводы» болып табылады. Біз аталмыш завод негізінде өнеркәсіптік алаңдар кешенін құруды жоспарлап отырмыз. Олар алюминий және алюминий қорытпалары негізінде өнім өндіретін жаңа өндірістік құрылымдардан тұратын болады. Осылайша, біз толық өндірістік циклға ие аса ірі металлургиялық кешеннің қызметін жолға қоямыз. Яғни, бокситті өндіру, глинозем, сондай-ақ бастапқы алюминий алу және алюминий негізінде өнім шығару үрдістерін іске асыруды көздеп отырмыз.

Бұл өз кезегінде жаңа технологияларға негізделген, сондай-ақ технологиялық трансферттер механизмі талапқа сай жетілдірілген шағын және орта бизнестің дамуына барынша ықпал етеді. Міне, нақ осы жөнінде Елбасы өзінің жаңа Жолдауында жан-жақты атап көрсетті.

Мұндай міндетті жүзеге асырудың тағы бір бағыты - аймақта әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының негізгі міндеті - экономиканы диверсификациялау арқылы аймақтардың қарқынды дамуын қамтамасыз ету, корпоративті басқарудың тиімді жүйесін құру, мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастамаларды ортақ мүддеге біріктіру.

экономикада сапалы жаңа жетістіктерге жету және жаһандық экономикаға толыққанды қатысу құқығын қамтамасыз ету.

Біздің облыстың географиялық орналасуының өзі аймақтық, сол арқылы жаһандық экономикаға белсенді араласуымызды қамтамасыз етеді. Біз транзиттік облыс болып саналамыз, Ресейдің үш облысымен шекаралас қоныстанғанбыз, сондықтан да біз мүмкіндікті тиімді пайдалануға тиістіміз. Жалпы, біздің облыстың аймақаралық экономикалық байланыстар бойынша тәжірибесі бұрыннан қалыптасқан. Облысымыз бұл Ресейдің көршілес өңірлері арасындағы сауда қарым-қатынастарының үрдісі тұрақты артып келеді.

Жергілікті деңгейде Ресейдің шекаралас аймақтарымен Келісімдер жасалған, іс жүзінде. Бірақ біз одан да ауқымды қарым-қатынастарға жол ашуымыз қажет. Бұл жұмыстағы болашақ басымдыққа ие бағыт шекаралас өріптестіктің Халықаралық орталығы болатыны даусыз. Бұл бізге жаңа деңгейге шығуға барынша ықпал етеді. Облыста экспорт шикізаттық сипатқа ие екені жасырын емес. Алайда біз металлургия саласын дамыту бойынша саясатымызға орай мұндай ахуалды түбегейлі өзгертуге негіттіміз.

Үшінші міндет - тау-кен өндірісі саласының тиімділігін арттыру. Аймағымыздың экономикасындағы басымдыққа ие сала ретінде тау-кен өнеркәсібі танылып келеді. Оның облыс бойынша экспорттағы үлесі аса жоғары - 30 пайыз. Үстіміздегі жылы көмір өндіру мен экспорттау одан әрі жалғасын табады. Тау-кен өндірісі секторының тиімділігін арттырудың тың жолы ретінде біз аймақтың энергетикалық көшенін тығыз байланыста дамытуды қарастырып отырмыз. Бүгінгі күні облыста алты электр станциясы, екі электр желілік компания жұмыс істейді. Қазақстан Республикасында электр қуатын тұтыну көлемі ұлғая түскен сайын станциялардың шаруашылық қызметті сәтті жүргізуіне, энергетикалық қуаттылықтарды сақтау мен арттыру бойынша тиімді шараларды қолға алуына мүмкіндік беріп келеді.

Электр қуатын экспорттаудың болашағы екібастұздық ГРЭС-2 кәсіпорны базасында Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорнының жұмысымен тығыз байланысты болмақ. Екібастұздық тас көмірін

оның алғашқы кезегін іске қосу көзделіп отыр. Мұның өзі Павлодар облысының да, тұтастай республиканың да экономикалық көрсеткіштеріне нақтылы ықпал ететін болады.

Сонымен бірге аса маңызды жоба ретінде «Кастинг» ЖШС кәсіпорнында труба шығару өндірісі саналады. Үлкен диаметрлі трубалар дайындау Қазақстанның мұнай-газ секторының тұтынуына есептелінген. Жаңа өндірістің алғашқы кезегін іске қосу осы жылдың соңына белгіленген.

Бесінші міндет - біздің аймақтық және жаһандық экономикадағы жаңа ролімізге сәйкес қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту. Электроэнергетика - аймақ экономикасындағы басымдыққа ие сала. Дегенмен тұрақты даму үшін ол қазіргі заманға сай дамыған инфрақұрылымға ие болуы қажет. Қала берді, аталмыш сала экспортқа негізделген сипатқа ие болып табылады.

Алтыншы міндет - қазіргі заманғы білім беру және кәсіби қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен жолдарды қолдану, инновациялық экономиканы дамыту.

Елбасы тарапынан жоғары оқу орындарындағы мамандар даярлау үрдісіне орынды сын-ескертпелер айтылды. Мұның өзі оқу орындарындағы білім беру сапасы үнемі әлемдік талаптарға сай келе бермейтінін тағы бір мәрте айғақтайды. Осығай орай Мемлекет басшысы білім берудің жоғары оқу орны жүйесінде жауапкершілікті күшейту, сондай-ақ жоғары оқу орындарын аттестациялау мен аккредитациялау жұмыстарын жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар берді. Мұның өзі оқу орындарындағы мамандар даярлаудың сапасын арттыруға септігін тигізуі керек. Өсіресе білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды тартуға барынша мән берілмекші. Өйткені еліміз аграрлық секторды дамытудың жаңаша бағыттары мен үрдістерін алға ұстап, қала берді Қазақстан БСҰ-ға мүше болуы үшін талпыныс жасауда. Ал сапалы әрі білікті кадрларсыз, кәсіби тұрғыда терең білім алған мамандарсыз, жоғары әрі озық технологияларсыз бұл мақсаттарға жету оңай емес. Индустриалды-инновациялық дамуы басшылыққа ала отырып, біздің облыс бірқатар жаңа жобаларды қолға алуда.

(Соңы 2, 3-беттерде.)



КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ АЙҚЫНДАЛҒАН КЕЛБЕТІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті базасында ғылыми-технологиялық орталық қызмет етеді. Оның негізгі мақсаты - жаңа инновациялық жобалардың құрылуына ықпал ету. Екібастұз қаласында «Ғылыми-техникалық орталық» жұмыс істейді. Ол - көмірхимиясы, құрылыс индустриясы және экология секілді аса маңызды үш бағыт бойынша қызмет жасайды.

Жетінші міндет - атаулы әлеуметтік қолдау және нарықтық үрдістер негізінде әлеуметтік саланы дамыту.

Жолдау бойынша тұрғындарды жұмыспен қамтуға, әлеуметтік қорғауға және кедейшілік деңгейін төмендетуге барынша маңыз беріледі. Облыстың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған аймақтық бағдарламаларды орындау есебі бойынша экономика саласында жұмыспен қамтылған тұлғалардың санын 2,5 пайызға арттыру көзделіп отыр. Жұмыссыздар санын 5,4 пайызға қысқарту жоспарланған. Ал кедейшілік деңгейінен төмен өмір сүріп жатқан азаматтардың санын 6,2 пайызға қысқарту көзделініп отыр. Алдағы үш жыл ішінде 13100 жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланып отыр. Соның ішінде 2007 жылы 4500 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

2006 жылмен салыстырғанда 2009 жылы орташа еңбекақының көлемі 52,6 пайызға артып, 50679 теңгені құрайды деп күтілуде. Білім беру және денсаулық сақтау салалары одан әрі үлкен қолдауға ие бола береді. 2009 жылға дейін біз 15 бабалар бақшасын, 12 орта мектеп, 3 кәсіби мектеп, денсаулық сақтаудың 9 нысанын салуды жоспарлап отырамыз.

Әсіресе, қолжетімді баспана алу мәселелері аса маңызды болып табылады. Облыста үшінші жыл қатарынан тұрғын үй құрылысы

бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2006 жылдың өзінде қаржыландырудың барлық көздерін қоса есептегенде облыста 64 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бағдарламаны жүзеге асырудың үш жылы ішінде үш мыңнан астам отбасы жаңа да жайлы баспаналарға ие болды. Бұл тәжірибені біз одан әрі жалғастыра береміз.

Сегізінші міндет - біздің дамуымыздың жаңа кезеңінің ығытына сәйкес саяси жүйені жанарту.

Елбасының Жолдауында біздің мемлекетті одан әрі демократияландырудың нақты бағыттары атап көрсетілді. Елбасы Қазақстан мықты президенттік билігі бар республика болды және бола береді деп нақты атап көрсетті. Алайда демократиялық реформалар жалғаса береді. Соның ішінде биліктің жергілікті оғандарына барынша назар аударылады.

Саяси жүйені одан әрі дамыту азаматтық қоғамды нығайтуды талап етеді. Ішкі саяси тұрақтылықты және келісімді қолдауда саяси партиялардың, қозғалыстардың, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі аса зор. Біздің облыста республикалық партиялардың филиалдары, үш жүз елуге жуық үкіметтік емес ұйымдар, он алты ұлттық-мәдени орталық, жүз жиырма сегіз электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдары қызмет етеді. Олардың азаматтарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеудегі рөлі өлшеусіз.

Облыста мемлекеттік оғандардың саяси партиялармен өзара қоян-қолтық іс-қимылы жақсы жолға қойылған. Тараптардың қатысуымен үнемі белгілі бір мәселе бойынша іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, семинар-кеңестер, мәслихаттар ұйымдастырылып тұрады.

Тоғызыншы міндет - халықаралық

тәжірибелерді ескере отырып, жедел әкімшілік реформаларды жүргізу.

Қазіргі уақытта елімізде билік органдарының қызметін бағалаудың әдістемесі дайындалып жатыр. Оны қолданысқа енгізу әрбір мемлекеттік органның, әрбір мемлекеттік қызметішінің жұмысын барынша таза, ұқыпты, нәтижелі етуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Әкімшілік реформасы шеңберінде мейлінше мән берілуге тиісті мәселе - сыбайлас жемқорлық. Соңғы кезде сыбайластыққа салынған, жол берген, заңды белден басқан бірқатар лауазымды тұлғалар жұмыстарынан шеттетілді. Біздің облыста да бірқатар шенеунік атқарып отырған қызметтерінен босатылды. Біз әкімшілік реформаны жүргізу барысында кез келген лауазым иесі жол берген жағымсыз іңдеттен құтылып кетпейтінін, жазасын алатынын ұғындыруымыз керек.

Онныншы міндет - Жаңа Қазақстанның жетістіктері мен мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Бүгінде Қазақстан Орталық Азиядағы ең тұрақты әрі экономикалық-әлеуметтік ахуалы алға басқан мемлекет ретінде бағаланып отыр. Алдағы уақытта бұл үрдісті одан әрі ширата отырып, әлемдік нарықтан өзіндік орын алуға ұмтылыс жасалатын болады.

Міне, жоғарыдағы міндеттерді нақты іске асыру үшін Елбасы алдағы он жыл ішінде қолға алынатын отыз бағытты беле-жара атады. Сондықтан да Президенттің маңызы зор Жолдауын жүзеге асыру бойынша біздерді үлкен әрі жауапты жұмыстар күтіп тұр. Ол жұмыстар бүгіннен басталып та кетті. Қазақстанның жаңа стратегиялық бағыты жалпыұлттық жоспар ретінде жұртшылықтың жаппай қолдауына ие болып отыр. Біздің мақсат - Жолдауды облыс тұрғындарына тереңнен түсіндіріп, ондағы міндеттердің жүзеге асу жайынан хабардар ету.

Қадірменді қауым!

Біздің Ертіс өңірінің еңбек сүйгіш халқы да Елбасы жариялаған тарихи құжатқа үн қосып, жалпықазақстандық патриотизмнің іргесін қалауға құлшынып отыр. Отанымыздың, көп ұлтты Қазақстан қоғамының жарқын келешегі бар екеніне сенімділік білдіруде. Ал осы сенімділік ел басқарып жүрген азаматтардың іскерлігі мен адалдығына байланысты.

Президент тарапынан бірқатар сын айтылды. Солардың бәрін тез арада мүлтіксіз орындап, Мемлекет басшысына есеп беріп отырамыз. Біз - президенттік басқару нысанындағы елміз. Тағдыры тоғысқан жүздеген ұлттың мекені - Қазақстан атты қасиетті шаңырақтың ұл-қыздарымыз. Мақсатымыз айқын, жолымыз ашық. Жаны дархан, пейілі кең ұлтымыздың санасын бәсекелестікке бейімдеуіміз керек, деп Елбасы баса айтты. Басқалармен терезесі тең жұрт болуымыздың алғышарттары - әр отбасы өз шаңырағының берекелі, табысы мол болуына атсалысуы қажет. Соның жарқын жолдарын үйретуді Елбасы бізге тапсырып, жүктеп отыр.

Халықтың өзін-өзі өсіріп, рухын асқақтатуға екпін беретін қуатты Жолдау бізге айқын жол болады! Кемел келешекке жету жолындағы бар қадамымыз сәтті болсын, қадірлі жерлестер!

Облыс басшысының баяндамасынан соң түрлі салаға еңбек ететін бірқатар азаматтар мінбеге көтеріліп, Елбасының биылғы Жолдауы, оның мазмұны мен маңі, келешектегі нәтижелері туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Сарабдал олар айтылып, халықтың Жолдаудағы игі міндеттерді жаппай қауанышпен қабылдап жатқаны тілге тиек болды.



Владимир БОБРОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Мемлекетіміздің әлеуеті артқан сайын әлеуметтік, өмірлік маңызы бар мәселелер көптеп шешіліп келеді. Бұл халыққа аса қажет екені даусыз. Республика Президенті, Парламенті және Үкіметінің алған беттен қайтпай, табандылықпен жүзеге асырып жатқан стратегиясы осы.

Көңіл бөлмеуге болмайтын бір тұс бар. Біздің елімізге келетін басқа мемлекеттер басшылары Қазақстанның экономикасының, әлеуметтік саласының қарқынды дамып отырғанын, қоғамдық-саяси тұрақтылықта екенін атап өтеді. Дәл осы жағдай бірталай көрші мемлекеттерде жетіспейді. Шындығында, мұндай жоғары баға өздігінен туындамайды. Белгілі бір себептері болады. Соңғы он жылдағы өзгерістерді өздеріңіз таразылап көріңіздерші: өмір сүрудің төменгі шегі 2,5 есе өсті, ең төменгі еңбекақы төрт жарым есеге артты, мемлекеттік әлеуметтік төлемақылардың орташа мөлшері үш есеге ұлғайды. Бұл жерде ана мен баланы қолдауға байланысты қандай жұмыстар атқарылғаны айтылды. Зейнетақының төменгі мөлшері бес есеге жуық өскені белгілі. Сонымен бірге, мұғалім, дәрігерлер,

барлық бюджеттік саланың қызметкерлерінің жалақысы елеулі артты. Осының нәтижесінде жан басына шаққандағы орташа кіріс 1998 жылмен салыстырғанда 3 еседен артық өсті. Кедейлік шегі төрт еседен көп төмендеді.

Жолдаудың жеке тұстарын түсіндірген Президент депутаттармен әңгімесінде алдымен әлеуметтік қолдауға тоқталды. Президенттің пікірінше, мемлекет әлдебір себептермен жұмыс істей алмайтын азаматтарды ғана әлеуметтік жәрдемақылармен қолдауы керек. Біз мұны құптаймыз. Сондықтан жақын арада пеш үстінде жайғасып ұйықтайтын, жұмыс істегесі келмейтіндерге атаулы әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатындай заңнамаға өзгеріс енгізу туралы айтылды. Елбасы сондай-ақ «Ардагерлер туралы» заң бойынша депутаттардың жұмысын қолдайды. Айтып отырғаным - маңыздылығы жағынан кезек күттірмейтін мәселелер. Екіншіден - экономика. Жеке кәсіпкерлікті қорғауға, әкімдердің және бақылау органдарының негізсіз ескертулерін шектеуге бағытталған заңнамаларды жетілдіру жұмыстары жалғасады. Экономиканы әртараптандыруды заңнама бойынша қамтамасыз ету көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жалғасын таппақ.

Депутаттық корпус Елбасын және оның Қазақстандықтарға Жолдауын қызу қолдады. Онда айтылған мәселелер - сіздердің сенімдеріңіздің нәтижесінде біздің өз өкілетігімізді пайдалана отырып, Үкіметке, Президенттің өзіне жеткізген тілектеріңіз. Президентің шешімі бұл сөзімізді қуаттады. Зейнетақы төлемдері,

балалар жәрдемақысы, декреттік демалыс төлемақысы, екінші тізім бойынша әлеуметтік төлемдер 2008 жылдан бастап айтарлықтай ұлғаятын болды. Бұл жөнінде Президентің өзіне мен және бес әріптесім ұсыныс айтып, хат жолдағанбыз. Әрине, біз қол шапалақтап, ерекше қуанышпен қарсы алдық. Жолдауда мұндай тұстар жеткілікті.

Президенттің білім саласындағы, денсаулық сақтау және өнеркәсіптегі кадрлар мәселесіне бөліп отырған көңілін айтпауыма болмас. Павлодарда кәсіби кадрлар дайындайтын 4 орталықтың біреуі орналасады. Бұған 1,5 млрд. теңге бөлінеді.

Мұсағит ОМАРОВ, Қашыр селпозық округінің әкімі, Қашыр ауданы:

- Біздің округтің барлық тұрғындары Елбасының биылғы жылғы Жолдауын зор ынта-ықыласпен қарсы алды. Ауылдықтар Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын тек тыңдап, талқылап қана қоймай, сонымен қатар олардағы маңызды мақсат-міндеттерді өміршең ету, жүзеге асыру үшін өздерінің барлық



күштерін, ақыл-ойларын, білім-танымын салады. Айта кету керек, біздің округте тұрғындар саны жыл сайын артып келеді. Егер 2005

жылы бізде 7917 тұрғын болса, 2007 жылдың 1 қаңтарында тұрғындар саны 8429 адамды құрады. Тұрғындардың көшуі толастады. Германиядан ұлты неміс тұлғалардың Қашыр ауылына қайта көшіп келу, сондай-ақ жақын шетелдерден оралмандардың атамекенге қоныс аудару жағдайлары көп.

Соңғы үш жыл ішінде аудан орталығында 35 орындық туберкулезге қарсы аурухана салынды, сегіз пәтерлі екі тұрғын үй қалпына келтірілді, екі пәтерлі бір тұрғын үй тұрғызылды, аудандық орталық аурухананың бірқатар бөлігі жөндеді, ал жөндеу жұмыстары толықтай үстіміздегі жылы аяқталады.

Соңғы екі жыл ішінде орыс тілді тұрғындардың қазақ сыныптарында білім алуға деген ынтасы айтарлықтай артты. Мемлекеттік тілде білім беретін мектеп бұрынғы тігін цехының ғимаратында орналасқан. Лайықталған 120 оқушының орнына мұнда қазір 270 оқушы білім меңгеруде. Биылғы, яғни 2007 жылы аудан орталығында 420 орынға лайықталған мемлекеттік тілде оқытатын жаңа мектептің құрылысын бастау үшін жедел түрде қаржы бөлгені үшін тұрғындар басшылыққа алғыс жаудырып отыр. Мұның өзі біздің республикамыздың Президенті Н.Назарбаевтың жүктеген тапсырмаларының іске асу көрінісі болып табылатыны даусыз.

Өкінішке қарай, атаулы әлеуметтік көмек алатындардың қатарында ешқандай тірлік жасамастан, тек масылдыққа салынып, заңды пайдаланып, мемлекеттің қалтасынан күн көріп отырғандар да баршылық. Осыған орай заңды қайта жетілдіріп, жатып ішерлер мен масылдарға тосқауыл қолатын мезгіл жетті деп білемін. Бұл бүгінгі қоғам үшін ауадай қажет болып отыр.

Елбасының үстіміздегі

жылғы жаңа Жолдауы да Қазақстан мен қазақстандықтарды алдағы он жыл ішінде биік белестерге көтеру мазмұнында өрілді. Халық сенімді түрде біздің көшбасшымыз - Елбасы Н.Назарбаевтың соңынан еріп келеді, оған сенеді және қолдау жасайды. Жаңа Жолдау жергілікті тұрғындардың жүрегіне қуаныш ұялатып, көңілдеріне қанат бітірді. Ендігі мақсат - маңызы зор саяси құжатта белгілеген міндеттерді сапалы әрі уақытылы іске асыру.

Қамол БАДОН, «Айреник» армян ұлттық-мәдени орталығының төрағасы:

- Биылғы Елбасы Жолдауынан біздер, ұлттық-



мәдени орталықтардың жетекшілері, көптеген көкейтесті сұрақтардың жауабын тауып, онда белгіленген 30 бағытты жүзеге асыруда мүмкіндіктеріміз барын ұғындық. Олардың ең бастысы - азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық келісім және қазақстандық отансүйгіштік.

Облыстың 16 ұлттық-мәдени орталықтары бірлестігі Ертістің Павлодар өңірі халқытарының тілдері мен мәдениеттерін сақтау мен дамытуды табысты атқарып келеді.

Президент Қазақстан халқына Жолдауында алдағы 10 жылдыққа арналған

стратегиясын барлық халықтар қолдайтынына сенім білдірді. Сондықтан біз Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының өкілдері ретінде әр павлодарлықтың жүрегіне Елбасы Жолдауының мәні мен маңызын жеткізуді борышымыз деп білеміз.

Павлодар облысының ұйымшыл, көпұлтты отбасы Жолдауда көрсетілген 10 жылдық стратегиясын толық және барынша қолдайды. Біздің біліміміз бен қайратымыз қойылған міндеттерді орындауға бағытталмақ.

Серік СҮПЕЙМЕНОВ, облыстық мәспхат депутаты, төрағасы, «Болат» шаруа қожалығының басшысы:

- Қазір біз 2010 жылға арналған ішкі өнімді екі есе арттыруды көлер жылда-ақ жүзеге асыруға қам жасап жатырмыз. Бұл - тікелей ауылшаруашылығына қатысты шара. Айталық, бір кездері мал өнімдерінің құны соншалықты арзандап кеткен болатын.

Қазір шаруалар ет-сүт өнімдерінен басқа тері-жүн сияқты шикізаттық өнімдерді де тәп-тәуір бағамен өткізуге қол жеткізді. Бұл да Елбасымыздың өлеңдік нарық сұранысына сай баға саясатын жүргізе білгендігінің жемісі.

«Қаз Агро» Ұлттық холдингіне ауылшаруашылығы өнімдерінің сапалылығын көтеру бойынша мәселелерді жүйелі түрде шешу, еліміздің су және басқа да табиғи қорларын тиімді пайдалану, жердің тозбауын қамтамасыз ету, ескірген технологияны заманауи озық үлгілерімен алмастыру, ең бастысы, аграрлық ғылымды дамытуға жете мән беру керек екенін атап көрсетті. Екіншіден «Қаз Агро» холдингі



КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ АЙҚЫНДАЛҒАН КЕЛБЕТІ

ауылшаруашылығының ең алдымен дамытуға қажетті салалары бойынша сапалы сараптама жасайтын болды.



Бұл ретте Президентіміздің «Қаз Агро» холдингіне экспорттық тауар шығаруға мүмкіндігі бар шаруашылықтарды қаржыландырудың жаңаша, тиімді жүйесін жасап шығаруды тапсыруы көрегенділік деп білемін. Қаржыландырудың бұл түрі ескірген агротехнологияны жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл қадам Президентіміздің «Халықаралық стандарттарды тез арада әрі кең көлемде қолданысқа енгізуіміз қажет» деген бастамасының жуық арада орындалатынының айғағы. Демек, біздің алдымызда ел болашағының жаңа келбеті мен сапасын анықтайтын ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Б і з д е р , ауылшаруашылығы тауарларын

басымдығына зор мән берілді. Бұл ретте Елбасы «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» деп атап көрсетті.

Әлемдік бәсекелестік үрдісінде табысқа жету үшін күшті рух пен сапалы білім ең басты қозғаушы күш деп білеміз. Жолдауда еліміздің бүгінгі мен келешегі талапты, жігерлі, өзіне сенетін жалынды жастардың қолында екендігі айтылған. Алдағы мақсат - айқын, жолымыз - даңғыл. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жаңа жас буынына артылар жауапкершіліктің жүгі де ауыр. Олай болса, бізге, бүгінгі күннің мұғалімдеріне, қойылатын уақыт талабы одан да биік тұр.

Мен тәжірибелі ұстаз ретінде балаларымыздың жарқын болашағына қол жеткізудің жолы жас ұрпаққа



бала, жұмыскер әйелдер, көп балалы аналар мүдделеріне қатысты мәселелер 2006 жылдың желтоқсан айында республикалық кәсіподақтар федерациясының бастамасымен өткен Қазақстанның еңбеккер әйелдері Конгресінде жан-жақты көтерілген еді. Осы мәселелер сол жиында Елбасы атына қабылданған үндеуде көрініс тапты. Міне, енді сол ұсыныстарды жіті ескерген Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында мүдделі тараптардың тілегін өміршең етіп отыр.

Сондай-ақ Елбасы Жолдауында атап көрсетілген зиянды және қауіпті жұмыстарда еңбек еткен тұлғаларға арнайы жәрдемақы тағайындау туралы мәселе де еліміздің кәсіподақтар қауымдастығының тілегімен ұштасып жатыр.

Біз бір нәрсені ұғынуға тиіспіз, ол - Елбасы Жолдауында белгіленген міндеттер тек қана атқарушы билік органдарының күшімен емес, сонымен бірге еліміздің азаматтық қоғамымен дөңсестірілгені. Аймақтар мен еңбек ұжымдары да белгіленген мақсат-міндеттердің жүзеге асуына жауапты.

Бүгінгі күні 1328 бастауыш ұйымдары жұмыс істейтін облыстық кәсіподақтар тарапынан Жолдауды жүзеге асыру бойынша барынша үлес

кеңесіп, жаңа құжаттың негізгі бағыттарын ортаға салды. Мұның өзі біздің партияның қоғамдағы ролі қаншалықты екенін айғақтаса керек. «Нұр Отан» партиясы бүгінгі күні қоғамдық ортада өзінің лайықты көшбасшылық орнын алып отыр. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның



дамуы жолындағы стратегиялық бағыттың негізгі тірегі де - «Нұр Отан» партиясы.

Бізге, партия өкілдеріне, үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Оның негізгі бағыты - Елбасы Жолдауын халыққа кеңінен насихаттап, түсіндіру, жүзеге асырылу жолдарын жеткізу және маңызды зор саяси құжаттың іске асуына барша қазақстандықтарды жаппай жұмылуға тарту. Бұл ретте көшбасшы партияның тәжірибесі зор екенін

баспаналардың халыққа қолжетімді болуын, осы мәселеде жариялыққа қол жеткізгенді міндеттейді.

Президент Жолдауының 30 тармағының әрбірі мемлекеттің, қоғамның, саяси партиялардың іс-әрекет бағытын анықтайды. Бізге соларды жүзеге асыруға үлес қосу, мемлекетіміз бен халқымыздың көркеюіне тағы бір қадам жасау қалып отыр.

Мемлекеттік жәрдемақылар бірнеше есеге арта түспек: нәрестенің жөргекпұлы 34740 теңгеге жетті, яғни екі есеге артты. Бала күтуге байланысты төленетін ай сайынғы жәрдемақы ұлғаяды.

Білім саласындағы мемлекеттің саясаты білім беруді, кәсіби маман дайындауды қазіргі еңбек нарығын дамыту жүйесіне сәйкес халықаралық стандарттарға жеткізуге бағытталады. Бізге білім беруге қатысты қызметтердің сапасын әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Алдағы үш жылда мемлекет пен жеке меншіктің серіктестігі негізінде Қазақстан аймағында 100 жаңа мектеп салу керек.

Жолдау негізінде Қазақстанның нарықтық, сондай-ақ әлеуметтік және демократиялық мемлекет есебінде жаңаша дамуын қамтамасыз ету қажет. Бұл дағды біздің

«тілдердің үш тұрғылығы» деп аталатын тіл саясаты туралы да айтылды. Сондықтан да еліміздің азаматы ретінде менің алдағы мақсатым - ағылшын тілін еркін меңгеру.

Бөле-жара атап көрсеткен 30 бағытта Елбасы еліміздің мәдениетаралық және конфессияаралық орталық ретіндегі рөлін жаңа деңгейге көтеру қажеттігін де атады. Мұның өзі Қазақстан халқына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Біз, сан түрлі ұлттардың өкілдері, тәуелсіз

Қазақстанның гүлденуі мен өркендеуі жолында өзіміздің қалыптасқан татулығымыз бен бірлігімізді мықты ұстап, достық пен түсіністіктің аясында мемлекетімізді дамытуға одан әрі субелі үлес қосуға міндеттіміз. Ол біздің



қолымыздан келеді. Қазіргі күні де әлем елдері біздің Қазақстандағы ұлттар татулығына, достығына, болашаққа деген ортақ ұстанымы мен тірлігіне сүйсініспен қарайтын жоғары

Әндіруші шаруашылық басшылары қуана қабылдаған, ерекше ескерер бір жәйт, Президенттің «Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына қамтайлы шарттармен кіруін қолтамасыз ету міндетін алға қойып отырмын» деген сөзі. Яғни бәзбіреулер ойлағандай, еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына «бас-көз жоқ» кіріп бармайды. Өзіне тиімді талаптар мен сапалы тауарларымен енеді.

**Валентина КИСИПЬ, №26
мектеп директорының
орынбасары, Павлодар
қаласы:**

- Осыдан он жыл бұрын біз, бүкіл қазақстандықтар, «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қызу қолдаған болатынбыз. Аталмыш аса маңызды саяси құжатта айқын мақсаттар қойылып, қоғамдық дамудың нақты міндеттері мен межелері айқындалған еді. Елбасының үстіміздегі жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы - ұзақ мерзімді даму Стратегиясының заңды жалғасы іспетті. Мұндағы негізгі ерекшелік - ел дамуының әлеуметтік салаларына барынша назар аударылып, мән берілгендігінде.

Өзім ана болғандықтан жаңа Жолдауда ана мен баланы әлеуметтік қорғауға ерекше маңыз берілгені қатты ұнады, көңіліме қанат білдірді. Мұның өзі Қазақстандағы халық санының өсуіне мүмкіндік тудыратын жағымды фактор деп түсінемін.

Президентіміз Н.Назарбаев биылғы Жолдауында әдеттегідей білім беру саласына айрықша назар аударды. Атап айтсақ, бастауыш және орта білім беру, кадрлар даярлау жүйесін әлемдік стандарттарға жақындату қажеттігіне жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ жоғары білім беру саласында нақтылы және инженерлік ғылымдарды дамытудың

сапалы білім мен саналы тәрбие беру деп білемін. Сол арқылы қазақстандық жаңа патриотизмнің жаңа іргетасы қаланатынына сенемін. Бүгінгі жас ұрпақты, көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымызды танусүйгіштікке тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті деп санаймын.

Елбасының Жолдауында алдымызға қойылған аса жауапты әрі маңызды міндеттерді облыстың педагогтары абыроймен орындайды деп сеніммен айта аламын.

**Владимир
СТРЕПКОВСКИЙ,
облыстық кәсіподақтар
кеңесінің төрағасы:**

Елбасы езінің кезекті Жолдауында республикамызды таяудағы он жыл дересінде дамытудың стратегиясын жария етті. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси-демократиялық дамуының жаңа көкжиектерін алға тартып отыр.



Жаңа Жолдау арқылы саяси-демократиялық реформалардың ұлттық бағдарламасына жол ашылды. Елімізде азаматтық қоғам институты нығая түсуде, ал мұнда кәсіподақтар органдары да аса маңызды рөл атқарып отырғанын айта кеткен жөн.

Атап өту керек, ана мен

қосылатынын атап өткім келеді. Қазіргі уақытта облыстық кәсіподақтар органдарының құрамында 150 мыңға жуық мүше бар, соның ішінде 118 мың адам жұмыс істеушілер болып табылады.

Бүгінге дейін облыс әкімі мен облыстық кәсіподақ органдары арасында бірлескен қимыл жолға қойылып, әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары салаларында әлеуметтік әріптестік мәселелерін шешу бойынша тиімді келісімдер жасалып келеді. Атап өту керек, әріптестіктің бұл үрдісі өзінің нақты жемісін беріп, нәтижесін көрсетуде. Осындай жұмыстар өңіріміздің барлық қалалары мен аудандарында жүргізілуде, алайда олардың нәтижелілігінің деңгейі бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмауда. Бұл - алдағы күннің еншісіндегі мәселе.

Қазіргі күні облыстың кәсіподақ органдарында Елбасының биылғы Жолдауын түсіндіру жұмыстары белсенді қолға алынған. Күні кеше облыстық кәсіподақтар активінің жиыны өтіп, оған Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының төрағасы С.Мұқашев қатысты. Мұнда Елбасы Жолдауында белгіленген нақты міндеттерді, еңбеккерлер мүдделерін қорғайтын бағыттарды жүзеге асырудың тетіктері, алдағы мақсаттарды орындау бойынша кәсіподақтар органдарының рөлі кеңінен сөз болды.

**Самат РАМАЗАНОВ,
«Нұр Отан» халықтық-
демократиялық
партиясы Екібастұз
қалалық өкілдігі
төрағасының бірінші
орынбасары, Екібастұз
қалалық мәслихатының
депутаты:**

- Елбасы Жолдауды жария етпестен бұрын «Нұр Отан» партиясы саяси Кеңесінің мүшелерімен

Әжгірісест зор екенін айтып жатудың өзі артық шығар.

Жолдауда көтерілген аса маңызды мәселелер мен бағыттардың көпшілігі «Нұр Отан» саяси партиясы бағдарламасындағы мақсат-міндеттермен үндес келетіні - біз үшін зор мақтаныш. Жаңа Жолдау бойынша елімізде, халық тұрмысында, экономикалық-әлеуметтік дамуда, саяси-демократиялық жаңаруда талай өзгерістер орын алмақшы.

Ендігі басты міндет - Жолдау жүктеген мақсат-міндеттерді жұмыла іске асыру.

**Вячеслав ПЕБЕДЬ,
Павлодар қалалық
мәслихатының
хатшысы:**



- Президент үкіметтің, қоғамның, саяси партиялардың осы заманғы әлеуметтік саясатта алға оздыратын жобаларға баруын, қазіргі заманғы саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы ұстанымдар мен стандарттарға көшуде әлеуметтік «әлжуаз» топтарды қорғауды көздейді.

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясына нақты ұйымдастырушылық және бақылау туралы тапсырмалар, жекелей айтқанда, ипотекалық

көздейді. Бұл - әлемде біздің елдің, қоғамның әрі қарай саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңару процестерінің қолдауға ие екендігінің дәлелі. Сонымен бірге мемлекеттің маңызды халықаралық белсенділігі екені анық.

Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, біз әлеуметтік негізделген қоғам құрамыз, онда алдыңғы толқын өкілдері, ана мен бала, жастар, сонымен бірге бүкіл елдің тұрмыстық деңгейін көтеретін қоғам қамқорлыққа алынады.

**Ирина ЯКУШЕВА,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ-дің 3 курс студенті:**

- Президенттің халыққа арнаған жаңа Жолдауы батыл да ізгі қадамдарға, жаңашылдықтарға толы. Өз елінің бүгінгі даму, өркендеу үрдістеріне бей-жай қарамайтын әрбір азамат Жолдауға байланысты пікірін білдіріп, жүрекке жағымды қуаныштарымен бөлісуде.

Елдегі тыныштық, Қазақстанның басқа мемлекеттермен бейбіт өмір сүруі, ұлттар арасындағы татулық әркімнің көкейіндегі жағымды оймен үндесіп жатыр. Бұл үшін Мемлекет басшысына - тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлына жастар атынан алғысымызды білдіреміз!

Президент кезекті Жолдауында еліміздің білім беру саласын одан әрі дамыту, халықаралық стандарттарға сәйкес ету бағыттары жөнінде де нақты тапсырмаларды тілге тиек етті. Алдағы үш жылда елімізде 100 жаңа мектеп салынып, «Он-Лайн» әдісімен оқыту тәжірибесін дамыту қолға алынады. Мектептерге шетелдік оқытушыларды тарту үрдістері еліміздің білім беру жүйесін әлемдік деңгейге шығаруға, өзін-өзі танытуға кең жол ашады деп ойлаймын.

Өз басым қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлеймін. Биылғы Жолдауда

сүйініспен қарайды, жоғары бағалайды.

Жастар - қоғамымыздың келешек тірегі. алтын дінге, еліміздің ертеңін айқындайтын, игі бастамаларды жалғастыратын, әлемдік өркениеттен Қазақстанның тұрақты орын алуына мүдделі болатын буын. Біздер үшін қазіргі күні сапалы білім алып, алаңсыз өмір сүрудің барлық жағдайлары жасалуда. Ендігі жерде біз мемлекетіміз үшін, Жолдауда айтылған мақсат-міндеттердің іске асуы үшін аянбай қызмет етуге тиіспіз.

Кеңесті қорытындылай келе, облыс басшысы мемлекеттік саясатты түсіндіру бойынша негізгі әрі тиімгі жұмыс ақпараттық-насихаттық топтардың қызметі екенін атады. Облыстық деңгейде 13 ақпараттық-насихаттық топтар құрылғанын жеткізді. Айта кету керек, облыста құрылған 13 ақпараттық-насихаттық топ ертең, яғни 16 наурыз күні өңірдің барлық қалалары мен аудандарына сапар шегіп, жұртшылыққа Елбасы Жолдауының негізгі мазмұнын түсіндіреді. Ақпараттық топтар барлық қалалар мен аудандарға да құрылады. Сондай-ақ облыс әкімі Елбасы Жолдауын қысқа мерзім ішінде халыққа жаппай түсіндіруге бұқаралық ақпарат құралдарының, үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да түрлі органдардың ролі зор және жауапты екенін атады. Тұтастай алғанда, өңірімізде Мемлекет басшысының маңызды құжатын түсіндіру жұмыстары барлық органдарға, барлық салаларға жан-жақты әрі түрлі іс-шаралар негізінде қолға алынып, қысқа мерзімге тәмамдалуға тиіс. Ең бастысы – Жолдау жүктеген міндеттердің аймақта оңтайлы жүзеге асуы. Оның жоспар-бағдарлары да белгіленгенін облыс әкімі идеологиялық актив кеңесінде тілге тиек етті.